



"Бекітемін"

"Мектеп директоры"

" 10 "

2021 жыл

Е.Т.Құсайынова

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім беретін мектебі"
бөлімінің Амангелді жалпы білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2021-2022 оқу жылы



3.2 Әдістемелік кеңестің отырыстары

| P/c | Не қаралды | Мерзімі | Жауапты адамдар |
|-----|---|---------|--|
| I | <p>1. 2021-2022 оку жылының жоспарын бекіту.</p> <p>2. 2021-2022 оку жылында білім негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.</p> <p>3. БА курстарынан өту кестесін бекіту.</p> <p>4. Құнтізбелік тақырыптық жоспарды, тәрбие жоспарын, тандау курстары, факультатив, үйірме, колданбалы курс бағдарламаларын карастырып бекітүге үсыну.</p> <p>5. Үйымдастыру сұраптары:</p> <ul style="list-style-type: none"> -әдістемелік кеңес құрамын және әдістемелік жұмыстың жоспарын бекіту; -әдістемелік бірлестіктердің жетекшілерін тағайындау; -жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау; -Дәрісхана менгерушілерін тағайындау; -мұғалімдердің шығармашылық шағын тобын құру <p>6. Пән бірлестіктері бойынша қабілеті жоғары, қабілеті төмен оқушылармен жұмыс жоспарын талдап, бекітүге үсыну</p> <p>7. Ғылыми-зерттеу жұмысын үйымдастыру, оқушылардың олимпиада, ғылыми жоба сайыстарына, интеллектуалдық ойындарға қатысуын жоспарлау.</p> <p>8. Мұғалімдерді «Педагогикалық қызметкерлерді аттесттаттау» ережелерімен таныстыру, аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін бекіту</p> <p>9. Мектепшілік олимпиада өткізу туралы</p> <p>10. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы</p> | 28.08. | <p>ОДЖО орынбасары Бірлестік жетекшілері</p> <p>ОДЖО орынбасары Пән мұғалімі Бірлестік жетекшілері</p> <p>Пән мұғалімі ОДЖО орынбасары</p> <p>Пән мұғалімі Бірлестік жетекшілері ОТЖ орынбасары Пән мұғалімі ОДЖО орынбасары Кітапханашы</p> |
| II | <p>1. «Шығармашылық ізденіс-шеберлік шынының бастасасы»</p> <p>2. 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығындағы өзгерістер.</p> <p>3. Аттестациядан өтетін мұғалімдерің шығармашылық есебі.</p> <ul style="list-style-type: none"> -тарих сабактарында оқыу үшін бағалау арқылы оқушылардың ынталыны арттыру. -оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарында дайындаудағы басым бағыттар. -оқушыларды ҰБТ-ге дайындаудың тиімді жолдары -математика сабактарында оқушылардың негізгі біліктіліктерін калыптастыру. <p>4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары..</p> <p>5. Сынып журналдарының толтырылуы.</p> | 26.11. | <p>Аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі: Пән мұғалімдері</p> <p>Пән мұғалімі Бірлестік жетекшілері Бірлестік Жетекшілері</p> |

| | | | |
|-----|---|--------|--|
| III | <p>Тақырыбы: "Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-сарапы білім берудің негізі"</p> <p>1.2021-2022 оку жылындағы мемлекеттік аттестацияның ережесі.</p> <p>2.Денгейлік курстан өткен мұғалімдердің есебі.</p> <ul style="list-style-type: none"> -"Жаңаша оқыту-жетістік көзі" -"Формативті бағалау сабактың негізі" -Сабак жоспарлаудағы тиімді әдіс-тәсілдер" <p>3.9-11 сыныптардағы негізгі пәндердің жүргізуінің қорытындысы.</p> <p>4.Сыныптардағы химия пәнінің ағылшын тілдерінде жүргізуі.</p> <p>5.Мектеп құжаттарының жүргізуін тексеру қорытындысы.</p> | 29.01. | <p>ОІЖО орынбасары</p> <p>Денгейлік курстан өткен мұғалімдер</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>ОІЖО орынбасары</p> <p>Бірлестік жетекшілері</p> <p>Пән мұғалімдері:</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>ОІЖО</p> <p>орынбасарлары</p> |
| IV | <p>1. Оқу процесінің нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асуы.</p> <p>2.2-11 сыныптардағы вариативтік сағаттардың берілуі.</p> <p>3.Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабактарына қатысу</p> <p>4. Бірлестік жетекшілерінің «Мемлекеттік білім стандарты талаптарының өз бірлестіктерінде орындалуы туралы» есебі</p> <p>5. Негізгі жалпы орта мектеп, жалпы орта мектеп бітірушілер емтихан тапсыратын 9- 11 сынып оқушыларын емтиханға дайындық жұмыстары</p> | 08.04. | <p>ОІЖО орынбасары</p> <p>Бірлестік. жетекш</p> <p>I деңгей мұғалімі</p> <p>Пән мұғалімі</p> <p>ОІЖО орынбасары</p> <p>Пән мұғалімдер</p> <p>Бірлестік жетекшілері</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>ОІЖО орынбасары</p> |
| V | <p>1. 2021-2022 оку жылының әдістемелік жұмысына қорытынды талдау.</p> <p>2. 2021-2022 оку жылындағы мұғалімдердің еңбек санатын көтеруі, курстардан өтуінің қорытындысы</p> <p>Келесі оку жылына арналған жоспарын талқылау.</p> | 21.05. | <p>Бірлестік жетекшілері</p> <p>ОІЖО орынбасары</p> |

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

· Қатысқаны: 64

26.11.2021 жыл

Қатыспағаны:-

Дәлелдісі:

Дәлелсіз:

Хаттама №2

Күн тәртібінде:

Такырыбы: «Шығармашылық ізденис-шеберлік шынының бастамасы»

Тыңдалды:

1. 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығынан өзгерістер мен ерекшеліктер.

Оқу ісінің менгерушісі Г.Жанбосынова

2. Аттестациядан отетін ұстаздардың шығармашылық есебі.
 - а) Тарих сабактарында оқыту үшін бағалау арқылы окушылардың ынтасын арттыру. Г.Әубакір
 - ә) Окушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындауда басым бағыттары. А.Қошмағанбетова
 - б) Математика сабактарында окушылардың негізгі біліктіліктерін және дағдыларын қалыптастыруды ақпараттық технология және электрондық оқулыктарды пайдалану. Г.Әмірғазина
 - в) Окушылардың ҰБТ-ге дайындауда тиімді жолдары. А.Төреbekова
 - г) Окушыларды олимпиадаға дайындаудағы әдіс-тәсілдер. М.Байкенова
3. ҰБТ-ге окушыларды дайында барысында ұстаздардың психологиялық күйзелісінің алдын алу. Г.Сұлтанова
4. Мектепішілік пән олимпиадасының корытындысы, аудандық пән олимпиадасына дайындық. К.Әбдікова
5. Окушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту Г.Жанбосынова
6. Сынып журналдарының толтырылуы Г.Жанбосынова

Күн тәртібінде I мәселе бойынша директордың оқу ісінің орынбасары Г.Жанбосынова сөз алды. 2021-2022 оқу жылының міндепті құжаттарының тізбесі және олардың нысандары ҚР БФМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде құрылыш бекітілген. 2021 жылдың казан айынан бастап, барлық педагогтар №472 бұйрықтың 2-косымшасына сәйкес міндепті құжаттар нысаны басшылықта алу керек. Слайд арқылы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ жұмыстарының жасалуы туралы айтылды.

Жарыс сөзге шығушылар болған жоқ.

Қабылданған қаулы:

2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен ерекшеліктер басшылыққа алынсын.

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша аттестациядан отетін ұстаздардың шығармашылық есебі тыңдалды.

- Тарих сабактарында оқыту үшін бағалау арқылы окушылардың ынтасын арттыру тақырыбында тарих пәні мұғалімі Г.Әубакір сөйлемді. Мұғалім окушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілетін арттыруды мақсат етеді. Мұғалім окушыларды тақырып бойынша модель құруға үйретеді, трек конспектімен жұмыс жасайды, тарихка арналған сайттардан тың деректер табуға дағдыландырады.
- Окушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындаудағы басым бағыттары тақырыбында тарих пәні А.Қошмағанбетова сөз сөйлемді. Зерттеу тәртібі мен зерттеу әрекетінің әдіснамалық негізі әрекеттеге жатыр. Сондықтан окушының зерттеу әрекеті, зерттеу тәртібі күрделі кіріктірілген білім болып табылады. Зерттеу – дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалдық қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Дарынды окушының іздеништілік касиетін қалыптастыруды зерттеуге оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады деген пікір білдірді. Бірнеше зерттеу жолдарымен таныстырылды.
- Математика сабактарында окушылардың негізгі біліктіліктерін және дағдыларын қалыптастыруды ақпараттық технология және электрондық оқулыктарды пайдалану тақырыбында математика пәні мұғалімі Г.Әмірғазина сөз сөйлемді. Мұғалім педагогикалық озат тәжірибе жұмысымен таныстырылды. Тәжірибелін мақсаты: математика сабакында ақпараттық технологияны колдана отырып, окушылардың шығармашылық ізденистерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру

- барысында теориялық білімдерін кенейтіп, ақпараттық ізденіс кабілеттерін дамыту. 2018-2021 оку жылдарындағы білім алушылардың мониторингі нәтижесін жасап көрсетті.
- Окүшылардың ҰБТ-ге дайындауда тиімді жолдары тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Төреbekова сөйлемді. ҰБТ-ге даярлауда мұғалімге көп ізденуді кажет етеді. Окүшылармен әрдайым зейін коя отырып, жаңа тақырыпты менгеру, әрбір өтілген тақырыпты тест сұрақтарымен байланыстыру, негізгі қажетті деген сөздерді түрлендіре отырып, сұрақтар койдырта білу, әрбір сұрақка дұрыс жауап берे білуге, дұрыс жауапты есте сактап калуға үрету негізігі міндеп. Мұғалім алтасына үш рә қазақ тілінен оку сауаттылығынан тест алып отырады. Окүшылармен жұмыс жасау жолдарын айтЫП өтті.
 - Окүшыларды олимпиадаға дайындаудағы әдіс-тәсілдер туралы орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Байкенова сөз алды. Мұғалім окүшыларды олимпиадаға және ғылыми жобаға дайындау максатына жету үшін келесідей тұжырымдаманы бағыттыққа алады: әр окүшының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін айқындау; Окүшының бойындағы жетістіктерін, кемшіліктерін кабылдау; Окүшыға киындықтарды женуге және кемшіліктен арылуға көмектесу. Мұғалім окүшымен жүргізетін бірнеше әдіс-тәсілдермен таныстыруды.
- Жарыс сөзге шығушылар: директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары К.Әбдікова окүшылардың ғылыми жұмыстары, озат тәжірибе, олимпиада туралы өз пікірін білдірді.

Қабылданған қаулы:

Аттестациядан өтетін ұстаздардың шығармашлық есебі қаралып, биылғы оқу жылында аудандық деңгейде озат тәжірибе жұмыстары таратылсын.

Тарих сабактарында оқыту үшін бағалау арқылы окүшылардың ынтасын арттыру басты назарға койылсын.

Окүшылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындаудағы басым бағыттары алға койылсын.

Математика сабактарында окүшылардың негізі біліктерін және дағдыларын калыптастыруды ақпараттық технология және электрондық оқулықтарды пайдалану жөнінде шешім қабылдансын.

Озат педагогикадағы тәжірибелі жинактау және талдау туралы шешім қабылдансын.

Окүшыларды ҰБТ-ге дайындауда тиімді жолдарының шешімі қарасытырылсын.

Окүшыларды олимпиадаға дайындаудағы әдіс-тәсілдер қолдану жөнінде шешім қарасытырылсын.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша мектеп педагог-психологі Г.Сұлтанова сөз алды. Қазіргі заманғы педагогтар жоғары талаптарға бағынышты болумен бетпе-бет келеді. Мұғалім жаңа білім беру бағдарламаларын менгеріп қана қоймай, өздігінен білім алу үшін, сонымен қатар окүшылармен және әріптестерімен қарым-қатынас жасайды, эмоционалды жүктемелерді бастан өткеріп, бірте-бірте стресстік күйде болады. Осындай стресстен арылу үшін психолог В.Левидің әдісімен тыныс алу тонопластикасын жасауға кенес берді.

Жарыс сөзге шығушы: оқу ісінің орынбасары Г.Жанбосынова алдағы уақытта мектеп бітіруші түлектермен психологиялық жұмыстардың жиі жасалуы қажеттігін айтЫП өтті.

Қабылданған қаулы:

ҰБТ-ге окүшыларды дайындау барысында ұстаздардың психологиялық қүйзелісінің алдын алу және ҰБТ-ге окүшыларды психологиялық тұрғыдан дайындау туалы шешім қабылдансын, жауапкершілік мектеп психологіне жүктелсін.

Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша мектепішілік пән олимпиадасының корытындысы, аудандық пән олимпиадасына дайындық туралы директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары К.Әбдікова сөз алды. Откізілген олипиадалардың корытындысы және кеткен кемшіліктерді жою барысында жасалатын жұмыстар туралы айтЫП өтті.

Жарыс сөзге шықкандар жок.

Қабылданған қаулы:

Мектепішілік пән олимпиадасының корытындысы, аудандық пән олимпиадасына дайындық жасау басты назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі V мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Г.Жанбосынова окушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту туралы сөз сөйледі. Функционалдық сауаттылық – окушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру казіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырган әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап окушының оқу, жазу, сауаттылығын, жаратылыстануғының қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс арқылы он нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын айтты.

Қабылданған қаулы:

Окушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту жұмыстары пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Күн тәртібіндегі VI мәселе сыныптардың электрондық журналдарының толтырылуы бойынша оқу ісінің менгерушісі Г.Жанбосынова сөйледі. Тексерудің максаты: электрондық журналды уақытылы толтыру бойынша сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің жұмысын тексеру. Мектеп құжаттамасының жүргізілуін мектепішілік бакылау жоспарына сәйкес сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің электрондық журналын уақытылы толтыруына тексеру жүргізілген. Күнделік толтыруда мұғалімдердің жауапкершілігі жоғары.

Қабылданған қаулы:

Алдағы уақытта журналдың дұрыс, қатесіз толтырылуы басшылыққа алынын.

Шешімнің сапалы орындалуын, өз құзырыма қалдырамын.

Әдістемелік кенес тәрайымы:

Хатшысы:

Г.Жанбосынова

Ә. Әмірбекова

Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Катысканы: 64

29.01.2022 жыл

Катыспағаны: 5

Дәлелдісі: 5

Дәлелсіз: -

Хаттама №3

Құн тәртібінде:

Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – сапалы білім берудің негізі»

Тыңдалды:

- | | |
|--|--|
| 1. №2 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы | Ә.Әмірбекеова |
| 2. 2021-2022 оку жылындағы мемлекеттік аттестацияның жаңа ережесі. | К.Әбдікова |
| 3. «Жаңаша оқыту – жетістік көзі» «Формативті бағалау сапалы сабактың негізі» Сабак жоспарлаудағы тиімді әдіс-тәсілдері (сабактың әр кезеңі бойынша) Р.Агажанова | Б.Баяхметова Б.Уатқанова Р.Агажанова |
| 4. 9-11 сыныптардағы негізгі пәндердің жүргізілуінің корытындысы | Г.Жанбосынова |
| 5. Сыныптардағы химия пәнінің ағылшын тілдерінде жүргізуі. | И.Исалина |
| 6. Мектеп құжаттарының жүргізілуін тексеру, окушылардың жеке іс қағазы, алфавиттік кітап | А.Байдрахманова |

Құн тәртібіндегі II мәселе бойынша директордың оку ісінің менгерушісі Г.Жанбосынова, ғылыми істер жөніндегі орынбасары К.Әбдікова 2021-2022 оку жылындағы мемлекеттік аттестацияның жаңа ережесімен таныстырыды. Онда жалпы ереже және білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары, аттестаттау және біліктілік санаттарын беру (растай) рәсімін өткізу дін жана ережесі туралы айтылды.

Қабылданған қаулы:

2021-2022 оку жылындағы мемлекеттік аттестацияның жаңа ережесі бекітілсін. Барлық жауапкершілік директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары Әбдікова Камшатқа жүктелсін.

Құн тәртібіндегі III мәселе бойынша математика пәні мұғалімі Б.Баяхметова «Жаңаша оқыту – жетістік көзі» тақырыбында коучинг өткізді. Максаты: көзіргі заманғы ақпараттық технологияның ауқымды даму кезеңінде заман талабына сай мұғалімдерге қажетті дағылар мен болашакқа деген көзқарастарын дамытуға көмектесу, жұмысындағы нәтижесінің сапасын арттырудың негізгі бағыты – барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жакты қалыптастыруды талмай іздену мен жаңалыктан қалмау қажеттігін сезінуге жетелу; Окушылардың жан-жакты дамуында әдіс – тәсілдерді тәжірибеде колданудағы тиімділігі туралы бағыт-бағдар беру; Әріптестер арасында тың идеялармен алмасуға жағдай тудыру. Мектепте оку мен оқытудағы жаңа тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне енгізуі колданады. Мұғалім ұстаздарға «Мениң жетістігім...» тренингін өткізді. Максаты әр мұғалім «оқушыға білім беру мен тәрбиелеудегі жетістігім» орнын белгілеу болды. «Тиімді әдіс-тәсілдер сапалы сабак кепілі» тақырыбында әдіс-тәсілдерден слайд көрсетілді. Сонында кері байланыс жасалды, ол sms хабарлама арқылы жасалды.

Қабылданған қаулы:

«Жаңаша оқыту» жүйелері бойынша, окушыларға сапалы білім беру мәселесі алға койылсын.

Құн тәртібіндегі мәселе бойынша формативті бағалау – сапалы сабак негізі тақырыбында казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Б.Уатқанова баяндама жасады. Максаты: окушылардың білімге оку сапасын арттырудың қалыптастыруши бағалаудың тиімділігіне көз жеткізу. Мұғалім «бағалау» терминін сипаттап, түрлері және формативті бағалаудың не үшін қажеттігі туралы айтып өтті. Мұғалім 10 а сыныбына қазак әдебиеті пәнінен «Абай – дана, Абай – дара казакта» тақырыбында сабакта өткізген әдіс-тәсілдерімен болісті және нәтижесі туралы айтып өтті.

Қабылданған қаулы:

«Формативті бағалау» барлық сабакқа қойылып, окушылардың білім деңгейі дұрыс сараланып, бағыт-бағдар жұмыстары жасалсын

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Р.Ағажанова сабак жоспарлаудағы тиімді әдіс-тәсілдеріне арналаған коучинг өткізді. Максыты: мұғалімдерге оқушылардың сын тұргысынан ойлауына бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануға ұсыну. Мұғалім алдымен сергіту сәтінен бастады. «Болжам», «термин», «данышпан үкілер» әдістерін жүргізді. Кері байланыс sms хабарлама арқылы жасалды.

Жарыс сөзге шығушылар: казак тілі және әдебиеті пәні мұғалімі С.Әуезбекова және орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Байкенова өз пікірлерін білдірді. Өткізілген әдіс-тәсілдердің өз сабактарында алдағы уақытта қолданатындарын айтты.

Қабылданған қаулы:

Сабак жоспарлаудағы тиімді әдіс-тәсілдер үнемі қолданылсын. Барлық мұғалімдерге басты назарға алу ұсынылсын.

Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша мектепшілік бакылау жоспары бойынша 9, 11 сыныптың сыныптық-жаппай тексеру корытындысы туралы оку ісінін менгерушісі Г.Жанбосынова сөйлемді. 2021 жылдың 12 карааша №69 бұйрық бойынш бакылау өткізу үшін жұмыс тобы бекітілген. Жұмыс тобына мектеп директорының оку-тәрбие ісінін орынбасарлары, жаратылыштану пәндер бірлестігінін жетекшісі, мектеп психологы және әлеуметтік педагог кіреді. Тексерілетін жұмыс түрлері және сабактардың сапалы оқытылуын кадағалап, саралтама жасау мен әдістемелік көмек көрсету ретінде тағайындалған мұғалімдер тізімімен таныстырылды. Тексеру жұмыстарының нәтижесінде: электронды журнал бойынша құнделікті толтырылып, тиісті бағалары қойылып, үй жұмыстары жазылған. Жеке іс-кағаздар тексеру нәтижесінде ескертулер жок, барлық құжаттар толық, ережеге сай сакталған. Сабактарға корытынды жасалды: 9-11 сынып мұғалімдерінің сабакқа деген дайындықтары сапалы және оқушылардың белсенділігі жақсы. Тек ағылшын, орыс тілі пәндерінде оқушылардың ынталары төмен екендігі байқалды.

Төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- Ағылшын тілінен дәптерлерді ұқыпты жазуға талап ету;
- Тарих пәнінде ауызша толық жауап беруді талап ету;
- Орыс тілі және әдебиеті пәнінен үй жұмысын толық орындауды талап ету;
- Алгебра пәнінен оқушыларға өз бетінше есеп шыгаруға калыптастыру;
- Алгебра пәнінен үй тапсырмасын орындауды талап ету;
- Сабак жаңартылған білім мазмұнында өтілуіне жұмыс жасау.

Қабылданған қаулы:

Жоғарыда айтылған ұсыныстар басшылыкка алынын. Орындау пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі V мәселе бойынша сыныптардағы химия пәнінің ағылшын тілдерінде жүргізуі тақырыбында химия пәнінің мұғалімі И.Исалина баяндама жасады. 2021-2022 оку жылында оку бағдарламасының инварианттық компонент негізінде ағылшын тілін кіркітре отырып 8 «ә», 9 «ә», 10 «а», 11 «а» сыныптарында жүргізіледі. Ағылшын тілінде химия сабактары инварианттық компоненттерінен 8-9 сыныптарда және 10-11 жаратылыштану-математикалық бағыттағы сыныптарда 2 сағаттан жүргізіледі. 8-9 сыныптарға химия пәнінен оқыту «Chemistry» костілді окулығы бойынша, ал 10-11 сыныптарда толық ағылшын тіліндегі окулық бойынша оқытылады. Барлық сыныптар химия пәнінен ағылшын тілінде ішінәра енгізу режимінде 53 оқушы оқиды. Баяндамашы ағылшын тілінде оқытылатын білім алушылардың тоқсан бойынша үлгерім сапаларын көрсетті (кесте түрінде). Мұғалім сабакта қолданатын әдіс-тәсілдері туралы айтып өтті. Сонымен қатар келесідей химия оку пәнін ағылшын тілінде жүргізу барысында туындастын мәселелерді көрсетті. Сыныптағы оқушылардың ағылшын тілінің деңгейінің әртүрлі болуы, ағылшын тілінде пәнди оқуға дайын еместігі, тілдік ортаниң қалыптаспағаны, сабак мультимедиялық аппаратурамен жабдықталған кабинетте жүргізілмейді, бұл сбакты сапалы өткізуге мүмкіндік бермейді. Егер тақырыпка сай ағылшын тілінде бейнероликтерді көптеп көрсетсө, интернет желісі арқылы Kahoot, Zip, Grade, plickers, quizlet.com бағдарламалары қолданылса білім алушылардың тілді үйренуге құлшынысы оянын, оқуға сенгітін тигізіп, мотивациялары жогары болар еді деген пікірін білдірді.

Қабылданған қаулы:

Химия пәнінің ағылшын тілдерінде жүргізуінде төмендегідей талаптар көзделсін:
Оқушыга қолайлы ортасын қалыптастыру;
Оқытуды түрлендіру үшін түрлі әдістерді қолдану;
Шет тілін оқушының жек қызығушылығымен байланыстыру;

Күн тәртібіндегі VI мәселе бойынша мектеп құжаттарының жүргізілуін тексеру, окушылардың жеке іс қағазы, алфавиттік кітаптың толтырылуы жөнінде іс жүргізуші А.Байдрахманова хабарлама жасады. Бұл жерде әр окушының жеке іс қағазының жинакталу реті, оның жүргізілуі, сыйып жетекшілерден тиянақты, талапқа сай құжаттарды толтырулары қажеттігі айтылды.

Қабылданған қаулы:

Мектеп құжаттарының дұрыс жүргізуі басты назарда болсын.

Шешімнің сапалы орындалуын, өз құзырыма қалдырамын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:
Хатшысы:

Г.Жанбосынова
Ә. Әмірбекова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім болімінін
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Катысканы: 66
Катыспаганы:

08.04.2022 жыл

**Хаттама №4
Күн тәртібінде:
Тындалды:**

1. Оку процесінің нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асуы
2. 2-11 сыныптардағы вариативтік сабактардың берілуі.
3. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабактарына катысу.

Оку ісінің менгерушісі Г.Жанбосынова
Бірлестік жетекшілері

I деңгей және пән мұғалімдері

4. Бірлестік жетекшілерінің «Мемлекеттік білім стандарты талаптарының өз бірлестіктерінде орындалуы туралы» есебі
5. Негізгі жалпы орта мектеп бітірушілер емтихан тапсыратын 9-11 сынып оқушыларының емтиханға дайындық жұмыстары.

Оку ісінің менгерушісі Г.Жанбосынова
Пән мұғалімдері

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша оку ісінің менгерушісі Г.Жанбосынова оку процесінің нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылуы туралы сөйледі. Амангелді жалпы білім беретін мектебі 2021-2022 оку жылын «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Казакстан Республикасы Занының 5-бабының 14 тармакшасына. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің оку бағдарламаларын және ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына I-көсімшаны басшылыққа ала отырып, 31.08.2021 жылғы №1 педагогикалық кенес шешімі негізінде жасалған оку оқу жоспарымен вариативтік компоненттен жаһандық құзыреттіліктер немесе таңдау курс, өлективті курстар оқытылады.

Қабылданған қаулы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің нормативтік құжаттары басшылыққа алынып, оку жоспарындағы апталық жүктемелерін талапқа сай орындау пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі II мәселе 2-11 сыныптардағы вариативтік сабактардың берілуі туралы вариативтік компоненттен жеке және топтық сабактар бөлінуі келесідегідей көрсетілді: 2 «а,ә» сыныптарында «Қызықты математика» - баланың тұлғалық қасиеттерін, ақыл-ой есімдерін, танымдық шығармашылық кабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім беру. 3 «а,ә» сыныптарындағы «Қызықты грамматика» таңдауы бойынша қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, лексикасы мен грамматикалық құрылымды терен менгерту, бір жүйеде сауатты жазу. 4 «а,ә,б» сыныптарындағы «Сиқырлы сандар әлемінде» таңдау сабагы оқушылардың ойлау логикаларын дамыту, ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру.

5 «а,ә», 6 «а,ә», 7 «а,ә», 8 «а» сыныптарына «Фонетика» курсы, 5 «ә» сыныбында «Сөз таптарының жүрнәктары» курсы. 5 «а» сыныбында «Ұлы дала мәдениетінің сырлары», 6 «а,ә» сыныптарында «Жасыл емшілер», 7 «а», 8 «ә,б» сыныптарына «Дыбыс жүйесі», 9 «а,ә» сыныптарына «Зайырлық және дінттану негіздері», «Физикадан күрделі есептер шығару», 7 «а,ә,б», 8 «а,ә,б» сыныптарында «Физикадан демонстрациялық тәжірибелер» курсы өткізіледі. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Шешендік өнер және би-шешендер мұрасы», «Дыбыс жүйесі», «Отбасы психологиясы», «Тарихи өлкетану» курстары жоғары сыныптарға жүргізіледі.

Қабылданған қаулы:

2-11 сыныптардағы вариативтік сабактардың берілуі туралы вариативтік компоненттен жеке және топтық сабактардың берілуі, талапқа сай орындалуы пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабагына катысу. Директордың оку ісінің және ғылыми істер жөніндегі орынбасарлары аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабагына катынасып, сабактың өтілуіне, мұғалімдердің іс-тәжірибесіне, оқушылардың сабакқа катысуына, оқушылардың білім сапасына талдау жасады.

Қабылданған қаулы:

Аттестациядан өтетін мұғалімдермен жұмыс жоспар бойынша жүргізіліп, бақылау жұмыстары жүргізілсін.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша бірлестік жетекшілері «Мемлекеттік білім стандарты талаптарының өз бірлестіктерінде орындалуы туралы» есебін берді. Жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазакстан Республикасының "Білім туралы" Занының (бұдан әрі – Зан) 5-бабы, 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және білім берудің мазмұнына, оку жүктемесінің ен жогары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оку мерзіміне қойылатын талаптарды айқындаиды. Мектепте алты бірлестік жұмыс жасайды. Бірлестік жетекшілері пән бірлестігі бойынша білім сапасына, оку пәндерінің берілу сапасына, оку бағдарламасының орындалу деңгейіне және құжатнамалардың толтырылу сапасына сараптама жасады.

Қабылданған қаулы:

Пән бірлестіктерінің жұмыстарындағы жаңартылған білім мазмұнына сай жүргізіліп, білім сапасын арттыра отырып, нәтижелі жұмыс жасауга бағытталсын.

Күн тәртібіндегі сонғы мәселе негізгі жалпы орта мектеп бітірушілер емтихан тапсыратын 9-11 сынып оқушыларының емтиханға дайындық жұмыстары туралы окуісінің менгерушісі Г.Жанбосынова және пән мұғалімдері сөйледі. Емтихан дайындығына арналған косымша сабак кестесімен таныстырылды. Қазакстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазакстан Республикасы Занының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, және Қазакстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 бұйрығы «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі №207 бұйрығы, негізінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 22 сәуірдегі №54 бұйрығын басшылықка ала отырып:

I. Оку жылын аяқтау және бітіруші сыныптардың оқушыларының корытынды аттестаттауын өткізу мынадай тәртіpte белгіленсін:

1. Білім беру үйімінде оку сабактарының аяқталуы -2022 жылғы 25 мамыр;
2. 9(10) сынып білім алушыларының корытынды бітіру емтихандары -2022 жылғы 28 мамыр -6 маусым аралығында өткізілсін;
3. 11(12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандар 2022 жылғы 27 мамыр -10 маусым аралығында өткізілсін;

II. Корытынды аттестаттау өткізуудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сактай отырып:

1. Қазақ тілі бойынша (эссе нысанында) жазбаша емтихан-2022 жылғы 28 мамыр;
2. Математика(алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)-2022 жылғы 31 мамыр;
3. Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-2022 жылғы 3 маусым;

4. Тандау пәні (биология) бойынша жазбаша емтихан -2022 жылғы 6 маусым;

11(12) сынып білім алушылары үшін сантиралық талаптарды сактай отырып:

1. Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)-2022 жылғы 27 мамыр ;
2. Қазақ тілі бойынша (эссе нысанында) жазбаша емтихан-2022 жылғы 30 мамыр;
3. Қазақстан тарихы ауызша емтихан -2022 жылғы 2 маусым;
4. Орыс тілінен жазбаша емтихан -2022 жылғы 7 маусым;

5. Тандау пәні (биология , география) бойынша жазбаша емтихан -2022 жылғы 10 маусым

Қабылданған қаулы:

Мектеп мұғалімдеріне аралық аттестаттау мен негізгі және жалпы орта мектепті бітіру емтихандарын өткізу тәртібін , ережесін таныстыру , нұсқаулық жасау жұмыстарын жүргізу оку ісінің менгерушісі Г.К. Жанбосыноваға тапсырылсын. Оку ісінің менгерушісі білім алушыларды ұлттық бірінгай тестілеуге катысуын үйімдастырысын.

Шешімнің сапалы орындалуын, өз құзырыма калдырамын.

Әдістемелік кенес тәрайымы:

Хатшысы:

Г.Жанбосынова

Ә. Әмірбекова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінін
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Катысқаны: 66

Катыспағаны: 66

21.05.2022 жыл

Хаттама №25

Күн тәртібінде:

Тыңдалды:

1. 2021-2022 оку жылының әдістемелік жұмысына қорытынды талдау.

ОДЖ орынбасары

Бірлестік жетекшілері

2. 2021-2022 оку жылындағы мұғалімдердің еңбек санатын көтеруі, курстардан өтуінің қорытындысы

FIZJO орынбасары

Келесі оку жылына арналған жоспарын талқылау.

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша оку ісі жөніндегі ынбасары Г.Жанбосынова және бірлестік жетекшілері сөйлемді. Амангелді жалпы білім беретін мектебі 2021-2022 оку жылын 337/174 окушымен бастап, оку жылын 332/172 окушымен аяқтап отыр. Жылдық қорытынды бойынша 81 окушы екпінді, 111 окушы үздік аяқтап, білім сапасы 57,8% аяқтап отыр. Білім сапасына сыныптар бойынша жекелей талдау жасағанда: I-жоғары деңгейге келесідей сыныптарды атап айтуга болады: 2 «а», «ә» сыныптар – 75,76 %, 4 «а» сынып - 80%, 4 «ә» сынып - 78%, 11 «а» сынып - 83%, 5 «ә» сынып - 81%. Сынып жетекшілері: К.Әуезбекова, С.Досанова, Н.Сейдахметова, Қ.Әйтішова, Б.Баяхметова, Н.Мұқатова. II орта деңгейдегі сыныптарға келесідей сыныптар айтуга болады: 3 «а,ә» сынып – 62,66%, 4 «б» сынып - 64%, 8 «ә» сынып-63%, 10 «а» сынып - 61%, 6 «а» сынып - 58%, 7 «а,б»; 8 «а» сыныптар - 54%, 9 «ә» сынып - 59%. Сынып жетекшілері: А.Абаканова, Ә.Нұргазина, А.Нұргалиева, Р.Ағажанова, Б.Уатқанова, М.Байкенова, Ж.Төлегенова, Ә.Досбергенова, Г.Әмірғазина, Ж.Жузжасарова. білім сапасы 3-ші төмен деңгейді келесідей сыныптар көрсеткен: 5 «а» сынып - 45%, 6 «ә» сынып - 46%, 8 «б» сынып – 40%, 9 «а» сынып - 46%, 10 «ә» - 42%, 11 «ә» - 43%. Сынып жетекшілері: А.Арбабаева, А.Төрекова, С.Әуезбекова, А.Қошмағанбетова, Г.Әубәкір, Ж.Баймukanova. Ұжымда 2021-2022 оку жылы ішінде қызмет аткарған 68 педагог қызметкердің 57-сі жоғары, 11-і арнаулы орта білімді мамандар. Жалпы мектиентің сапалық құрамы 50% құрайды: педагог-зерттеуші – 8, педагог-сарапшы -11, педагог-модератор -8, жоғары санатты- 8, бірінші санатты -7, екінші санатты -13, санатсыз-13. Пән мұғалімдерінің пән бірлестігі бойынша сапалық құрамын салыстырмалы түрде көрсетілді: математика пән бірлестігі- 63%, жаратылыстану пән бірлестігі - 67%, шет тілі пән бірлестігі-50%, бастауыш пән бірлестігі -50%, өнер, технология пән бірлестігі - 30%, қоғамдық-гуманитарлық пән бірлестігі -23%. Ең төменгі сапалық құрамын көрсетіп отырған өнер, технология пән бірлестігі-30%, қоғамдық-гуманитарлық пән бірлестігі -23%.

«Шет тілі» пәні бірлестігі жетекшісі Тулегенова Жазира сөйлемді. Бірлестіктеге 6 мұғалім. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 3 мұғалім, ағылшын тілі пәні бойынша 3 мұғалім. Бірлестік қараша айның 19-25 жүлдызында «Үштүгірлы тіл-бәсекеге қабілетті ұл болудың бірінші сатысы» атты алталағы өткізілді. Алталақ жоспарлы түрде ашылып, уақытында толық жұмыстар жүргізілді. Бірлестік құжаттарыф уақытымен жинақталды. Бірлестік жетекшісі бірлесетік мүшелерінің жыл бойғы жеткен жетістіктері және окушылардың жетістіктерін айтып өтті. Бірлестік мұғалімдерінің ішінен толық, тиянақты, жауапкершілікпен жұмыс жасайтын ұстаз ретінде Р.Ағажанованы атап өтті.

Қоғамдық гуманитарлық пән бірлестігі жетекшісі А.Арбабаева сөйлемді. Бірлестік 2021-2022 оку жылында «Заманауи технологиялар арқылы оку –тәрбие үрдісін жетілдіре отырып, окушылардың тіл сауаттылығын арттырып, шығармашыл, бәсекеге қабілетті жек тұлға қалыптастыру» тақырыбымен жұмыс жасады. Бірлестіктеге 13 мұғалім жұмыс жасайды. Оку жылы ішінде бірлестік мұғалімдері мектепішілік және аудандық түрлі сыйыстарға окушылар қатыстырып жүлделі орындарға ие болған. Бірлестік жетекшісі пән мұғалімдерінің жетістіктерін атап, көрсетіп өтті. Пән бірлестік мүшелерінде мұғалім саны көп болғанмен, сапалық құрамы жағынан төмен пайыз (23%) көрсетіп отырған бірлестік. Жылайна өткізілген алталақта бекітілмеген сабакпен ашық сабак өткізген ұстаздар болған: А.Сүлейменова, А.Төрекова, К.Смағұлова. сабактарына талдау жасалмаған.

«Жаратылыстану –математика» пән бірлестігі бойынша бірлестік жетекшісі Ә.Досбергенова сөйлемді. Бірлестіктеге 8 мұғалім жұмыс жасайды. Пән мұғалімдері «Жаратылыстану ғылымдары» алталағында барлығы уақытында сабактарын өткізді. Пән мұғалімдерінің жыл бойғы жеткен жетістіктері тізбектеліп атап өтілді.

Математика-жаратылыстану бірлестігінде математика-информатика пәндерінен сабак беретін 7 мұғалім жұмыс жасайды. Бірлестік жетекшісі Б.Баяхметова. бірлестік сапалық құрамы бойынша (63%) алдынғы қатарды. Математика-жаратылыстану пәндерін оқыту үрдісінің негізгі мақсаты- арнайы педагогикалық әдістермен жүйелі түрде пайдаланып окушылардың интелектін, шығармашылық ойлауын,

ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алғандағыларын дамыту болып табылады. Әдістемелік жоспар бойынша 31 қантар- 7 ақпан (2022 жыл) аралығында «Математика-нақтығылым» тақырыбындағы матемтика және информатика пәндері апталығы өткізілген. Апталық кезеңінде бірлестіктің әр мүшесі қойылған талап үдесіне шыға біліп, өз шығармашылықтары мен шеберліктерін көрсете білген. Бұдан әрі апталықта жүргізілген жұмыстарына талдау жасалып және бірлестік жетекшілерінің жыл бойы жетістіктері атап, көрсетілді.

2021-2022 оку жылында «Бастауыш» пән бірлесітігі «Оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптастыру арқылы құзыреттілікке қол жеткізу» тақырыбымен жұмыс жасаган. Бірлестікте 16 мұғалім жұмыс жасайды. Бірлестік жетекшісі Б.Жұбатқанова. Бірлестікке 3 шағын топ тәрбиешілері, 2 мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері, 2 мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері қамтылған. Бірлестік жетекшісі құрамдағы әр мұғалімге тоқталып, жетістіктерін айтып өтті.

Технология және дene шынықтыру пән бірлестігі «Технология және дene шынықтыру сабактары мен сабактан тыс іс-әрекетіндегі құзырлық-бағдарлы тұрсырмаларды колдану арқылы шынықкан, дені сау, өнерлі тұлғаны қалыптастыру» тақырыбында жұмыс жасады. Бірлестік жетекшісі А.Ержігітова. бірлестікте 10 мұғалім жұмыс жасайды. Бұдан әрі бірлестік жетекшісі бірлестіктері әр мұғалімнің жыл бойы жеткен жетістіктеріне жеке тоқталып, кестемен таныстырыды.

Мектептегі жас мамандармен жүргізілген жұмыстар, ҰБТ, PIZA туралы, элективті курс сабактарының берілуі туралы, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы айтылды. Мектептегі жас мамандарды кәсібілікке шындау мақсатында әдістемелік бірлестік жаңынан құрылған «Жетілу» мектебі жетекшісі Г.Әмірғазина 10 жас мамандармен жұмыс жасады. Жас мамандарға жетекші-тәлімгер тағайындалып, жұмыстар жүргізілген. Мамыр айында жоспарланған байқау өткізілмеген. Жас мамандармен пікірлесу, кенес беру бағытында деңгелек стол түрінде жоспарланған отырыстар өткізілген.

Оку жылының басында «Талапкер-2021» және «PIZA-2021» шығармашылық орталығы құрылған. Қосымша сабак кестесі жасалып, жұмыс жүргізілген. Оқушылармен жасалған жұмыс нәтижелері кесте түрінде көрсетіліп, таныстырылды және бірнеше ұсыныстар жасалды.

Элективті курс бойынша жалпы 2-11 сынып аралығында 48 сағаттық курстар жүргізілген. Баяндамашы курсын жүргізуі кезеңіндегі кемшиліктерін де көрсетіп өтті және бірнеше ұсыныстар айтылды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 14 тармақшасына сәйкес, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 бұйрығы «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі №207 бұйрығы негізінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 22 сәуірдегі №54 бұйрығын басшылыққа ала отырып, оку жылын аяқтау және бітіруші сыныптардың оқушыларының қорытынды аттестаттауын өткізу тәртібі белгіленген. Ұжымға таныстырылды.

Қабылданған қаулы:

Бірлестік бойынша тәмен сапа көрсетіп отырған бірлестік мүшелері білімін жетілдіріп, сапалы жұмыс жаса, санатын көтеруге жұмыс жасау міндеттелсін;
Элективті курстардың қооданбалығын назардан тыс қалдырмау пән мұғалімдеріне міндеттелсін;
Мұғалімдер тарапынан шығармашылық ізденіс нәтижесінде бағдарламалар мен әдістемелік құралдар құрастырылып, авторлық қорғау жұмыстары қолға алынын.


Күн тәртібіндегі II мәселе 2021-2022


оку жылындағы мұғалімдердің енбек санатын көтеруі, курсардан өтуінің қорытындысы туралы ғылыми істер жөніндегі орынбасар К.Абдикова сөйлемеді. Мұғалімдердің уақытылы білім жетілдіру курсарынан және аттестациядан өтіп отыруы басшылыққа алыну керек делінді және басты назарда болу қажеттігі айтылды.

Қабылданған қаулы:

Мұғалімдердің уақытылы білім жетілдіру курсарынан, аттестациядан өтіп отыруы мектеп директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары К.Абдиковаға міндеттелсін.

Шешімнің сапалы орындалуын, өз құзырыма қалдырамын.

Әдістемелік кенес төрайымы: 

Хатшысы: 

Г.Жанбосынова

Ә. Әмірбекова